

ЖОЖ 621.039.9:549.25/.28(09) (574.41)

Құмар А. Қ.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, тарих және құқық кафедрасының оқытушысы

ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕМ АЛДЫНДАҒЫ ЗОР ЖЕҢІСІ МЕН БЕДЕЛІНІҢ МОЙЫНДАЛУЫ

Өткен ғасыр еліміз үшін, күллі әлем тұтастай бір трагедияларға толы болды. Айшықты бейне - қос дүниежүзілік соғыс алапаты болса, ібілістің қауіпті аждаһасы полигон жаңғырығы естен кетпес, мәңгілік жара боп қалар.

Биыл елімізде Семей ядролық полигонының жабылуының 20 жылдығын атап өткелі жатыр. Халықаралық шараға қала халқы сонау 1989 жылы Абай ауданы орталығындағы Қарауылтөбе басында бас көтерген халықтай атсалысатынымыз анық.

Енді мұндай кесірі мен кесапаты жаншылмаған әлемдегі полигондардың ушығу көзі қайдан шықты? II дүниежүзілік соғыста антигитлерлік коалицияның жеңіске жетуімен тәмамдалды, яғни фашистік Германия толық тізе бүкті. Бірден милитаристік Жапония күйреді. Тарихи өзгеріс әлемнің алпауыт мемлекеттері арасындағы саяси бақталастық пен әскери бәсекелестікті күшейтті. Бұл текетіректің басы тарихта «қырғи қабақ соғыс» деп аталды, әскери күштердің «жарысы» басталды.

Жойқын қырып жою қаруын ойлап табу мәселесі XX ғасырдың 30-40 жылдары Германия, АҚШ, Ұлыбритания елдерінің ғалымдары тарапынан басталды. Бұл ретте Кеңестер Одағы көштен қалыс қалды. Тек Ұлы Отан соғысы кезінде ғана сыртқы барлау қызметінің құпия мәліметтері нәтижесінде ортаға келелі ойлар тасталды. Ұйықтаған ойларды кеңестер түртпектеп жатқанда Германиядан АҚШ, Ұлыбританияға қоныс аударған Бор Нильс, Роберт Оппенгеймер, Энрико Ферми, Клаукс Фукс сынды ғалымдар атақты «Манхеттен жобасына» арқау болды. АҚШ-тың Лос-Аламос қаласындағы зерттеудің нәтижесін бүкіл әлем Хиросима мен Нагасаки қалаларындағы жарылыстан көрді.

Әлемдік соғысты қортындылаған Потсдам конференциясы екі елдің арасын ашты: капитализм туымен АҚШ шықса, социализм желеуімен КСРО ендігі жерде кім мықтыны анықтаумен «үлкен әлекке» түсті.

И. Курчатов, А. Сахаров, П. Капица сынды совет ғалымдары атом бомбасын жасау жұмыстарын тездету жөніндегі қауырт шешім алды. Бұған себеп АҚШ басшысы Г. Трумэннің әлемге «әйгілі сөзі» И.Сталинге сүйектен өтіп кетті.

Алғашқы сынақ ұлылар туған мекен, Еуразия кеңістігінің кіндігі таңдап алынды. Қазақ даласы ядролық сынақ алаңына айналды. Бұған дәлел 1949-1963 жылдар аралығында 98 рет әуе жарылыстары, 1949-1989 жылдары аралығында 344 рет жерасты ядролық жарылыстары, 1949-1963 жылдар аралығында 26 рет жер үсті жарылыстары жасалды.

Семей полигонында 1949 жылдан бері 459 ядролық, оның 113-і атмосфералық жарылыстар жасалды [1,86]. Кей деректерде 456 ядролық және термоядролық жарылыстың 116-сы ашық, яғни жер бетінде немесе әуе кеңістігінде жасалды.Қуаты жағынан бір күнде Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды.

Алаштың ардақты азаматтарына рух берген Абайдың және әдеби ортасының шашқан мұрасын жойды, санасын улады. Бұның түпкі тамыры, идеологиялық бастауы не? Жауабы, ұлылар туған елдің тұрғындарының интеллектуалдық және генетикалық тамырын балталау. Құшағын жайған қасіреттің зардаптарын өзіндік есебін бір жылдары 800,18 млрд. Доллар сәйкестендіріпті. Қазіргі тіпті, кейінде мұндай сомма тым күлкінішті естілетін шығар ма деген ойда қаламыз [2,3].

Еліміздің Кеңестер Одағынан қалған мұрасы – шикізат көздері, оған салынған завод, фабрикалары және теңдесі жоқ зор ядролық қуаты бар сынақ полигоны мен одан зардап азабын кешіп келе жатқан көпұлтты халқы қалды.

Адамдардың саяси санасы оянып, дүниежүзілік қоғамдастыққа толыққанды мүше болуға талпынған алғашқы жылдары мемлекеттігіміз және оның болашағы туралы неше түрлі сәуегейліктер айтылғаны белгілі. Сол сәуегей пікірлерге кереғар ойларда айтылды. Бірақ тәуелсіз Қазақстан өзінің оңды шешімін бүкіл әлем алдында паш етті.

Ол – Семей ядролық сынақ полигонын жабу еді.

1989 жылдың басынан-ақ қазақстан халқы ажал полигонына қарсы көтерілген болатын. Стихиялық наразылық бірте-бірте ұйымдық пошымға ие бола бастады. 1989 жылы 28 ақпанда Семей ядролық полигонында жер қойнауындағы сәтсіз аяқталған ядролық жарылыс салдарынан айналадағы ортаға радиоактивті газ шыққаны туралы хабар жеткен соң, Алматыдағы Жазушылар үйі жанында қарсылық митингісі өтті де, ол халықаралық антиядролық «Невада-Семей» қозғалысының құрылуына түрткі болды. Бұл қозғалысты жазушы, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқарды [3,67]. 80-ші жылдардың аяғынан 1994 жылға дейін созылып, құрылу кезеңі деп аталады. Осы үкіметтік емес ұйымдарының құрылу кезеңін көбіне-көп «Невада-Семей» қозғалысы құрылуымен байланыстырады [4,23].

1991 жылдың желтоқсанындағы қиын-қыстау шақта қазақстандықтар тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Президенті етіп Нұрсұлтан Назарбаевты сайлап, өте дұрыс таңдау жасай білді. Мемлекет басшысының осы жылдар ішінде атқарған ұлан-ғайыр жұмысының ішінен ядролық қарудан бас тартуының өзі ерен ерлік еді [5,7].

1990 жылы 22 сәуірде КСРО Жоғары Кеңесі тұңғыш рет Қазақстанның Президенті етіп Н.Назарбаевты сайлады. 1990 жылдың 24 мамырында Президенттің алғашқы ірі саяси шарасының бірі Алматыда өткізген «Әлем сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» атты ауқымды конференция болды. Конференция үш күнге созылды. Барлық жақтаушылардың пікірі бір жерден шығып жатты. «Семей-Хиросима» телекөпіріне бүкіләлем көз тікті. Мысал ретінде айта кетейік, тіпті, өздерінің енжар еместігін Қарағандының 130 мың шахтерлерінің Полигонды жабу туралы петицияға қол қоюымен білдірді.

1990 жылдардың басында, Қазақстан өз тарихындағы, тегінде ең басты таңдаулардың бірінің алдында тұрғанда біз егер өз аумағымызда ядролық қаруды сақтап қалуды кенет ұйғарған болсақ, аймақ пен әлемдегі ахуал қалай өзгеретіні белгісіз еді.

Қазақстан халқының талабына үн қата отырып, ұлттың болашағына жауапкершілікті сезініп, мемлекеттілік пен тәуелсіздік мүдделеріне сай әрекет ете отырып, 1991 жылдың 29 тамызында Н.Назарбаев «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» №409 Жарлыққа қол қойды.

Ең алдымен ядролық сынақтардың бүліргіш әсеріне ұшыраған және көптеген категориялар бойынша «экологиялық апат аймағы» деген анықтамаға сай келетін территорияны анықтау үшін Үкіметке тапсырма берілді.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда «Ядролық қару жөніндегі бірлескен шаралар туралы келісім», сондай-ақ 1991 жылы 30 желтоқсанда Минскіде «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы стратегиялық күштер жөніндегі келісім» қабылданды. Алматы келісімі, сол келісімді мемлекет басшылары келісіп алмай тұрып, ядролық қаруды бір жақты қолданудың мүмкін еместігін алын-ала айтқан болатын.

1992 жылдың мамырында Курчтов қаласында Ұлттық ядролық орталық құрылды.

1995 жылдың 31 мамырында Қазақстан жерінде (кезінде белгісіз себептерне байланысты) қалған ақырғы радиоактивті плутоний заряды жарылып, елімізде соңғы атом дүмпуі естілді.

1996 жылы 30 қыркүйекте Қазақстан Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу шартына қосылды.

Бірнеше халықаралық келіссөздер нәтижесінде еліміздің ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұжымдық меморандумға Ресей, АҚШ, Ұлыбритания қол қойды. Осы меморандум жарияланған 2 айдан кейін 1995 жылдың 8 ақпанында Синьхуа агенттігі ҚХР Үкіметінің Қазақстанға сондай кепілдік беретінін мәлімдемесін жариялады [6,256].

2004 жылдың өзінде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев ТМД-ны реформалау жөніндегі ұсыныстарын айтқан болатын. 2006 жылы Минскіде өткен ТМД Мемлекеттері басшыларының кезекті саммитінде Қазақстан басшысы нақты алты ұсынысын жеткізді. Жаһандану және жаңа сынақтар мен қатерлер пайда болуы жағдайында ТМД мемлекеттері барынша өзекті халықаралық проблемаларды, бірінші кезекте жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі проблемаларды шешу үшін күш-жігерлерін біріктіруі тиіс. Осы тұрғыда Н. Назарбаев бірқатар құрылымдық өзгерістер жасауды ұсынды [7,4].

Жалпы алғанда, Қазақстанның бейбітшілік сүйгіштігі ең алдымен халқының тартқан зардабы мен мұңынан шығып отыр. Бұған құлақ асқан Елбасы Н.Назарбаевтың көреген саясаты арқылы алдағы уақытта мығым, тұғырын шайқалатпайтын ел ретінде танылмақ.

Міне, биыл Семей полигонының жабылғанына 20 жыл толып отыр, бұл тәуелсіздігіміздің, «бейбітшілігіміз мен жасампазығымыздың 20 жылына» тұспа тұс келіп отыр. Жақсылығымен бастау алған еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бозтаев К. 29 августа. Алматы, 1998.
2. Құмар А.Қ. Атомға енді жол жабық //Семей таңы, 11 қазан 2011 жыл
3. Бозтаев К. Семей полигоны. «Қайнар қасіреті». – Алматы: Қазақстан, 1997.296-бет.
4. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: 2003
5. Мақсат Берік. Зор жауапкершілік жүктейді. //Егемен Қазақстан 11 қаңтар 2008жыл.
6. Н.Назарбаев. Бейбітшілік кіндігі. Алматы: Атамұра, 2003
7. Достастық елдері бірыңғай инновациялық кеңістік бола алар еді // Егемен Қазақстан 7 мамыр 2008жыл

УДК 312.953 (574.42)

Камалджанова Т. А. – кандидат исторических наук, и.о. доцента кафедры истории и права СГУ имени Шакарима

ЭТНИЧЕСКИЕ ДИАСПОРЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ В 1991-2010 ГГ. (ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ)

Осы мақалада тарихнамадағы мемлекеттік саясат контексінде Шығыс Қазақстанның этникалық диаспораларына қатысты мәселелер зерттеледі.

This article explores issues relating to ethnic diasporas of Eastern Kazakhstan in the context of state policy in a historical manner.

В настоящее время ученые Казахстана успешно разрабатывают проблемы, которые относятся к числу малоисследованных, в том числе, касающихся истории этнических диаспор в контексте государственной политики. Актуальность разработки подобной тематики продиктована реалиями сегодняшнего дня. События в ряде стран Прибалтики, Закавказья, Средней Азии, на Украине и т.п. показали, насколько значимо влияние национального фактора на все процессы, происходящие в жизни полиэтничного государства. Поэтому первоочередной задачей государства является создание и обеспечение условий стабильного совместного проживания разных народов в едином социокультурном обществе.

В полиэтничном Казахстане для успешного решения проблем, связанных с диаспорологией, особенно актуальным является изучение специфических особенностей формирования качественных характеристик отдельных этносов в контексте государственной политики. Это позволит извлечь определенный опыт из советского периода истории страны и успешно преодолеть негативные последствия в государственной политике страны.

Изучение истории этнических групп важно и для истории их исторической родины, поскольку представители этих этносов, как и часть казахов, в разное время под ударами судьбы вынуждены были покинуть родину, и так возникли их диаспоры в разных странах мира. Сегодня трудно найти на земле народ, чьи бы диаспоры не проживали за пределами своего этнического эпицентра. История этих диаспор – неотъемлемая, своеобразная, зачастую трагическая страница истории нации в целом. В условиях активного развития Казахстаном международных отношений они становятся живым связующим мостом.

Исследование истории этнических диаспор в контексте государственной политики Республики Казахстан актуально еще и потому, что до сих пор не получило полного научного освещения. Поэтому проблема этнических диаспор с периода обретения Казахстана своей независимости (1991 по 2010 гг.) составляет одно из перспективных направлений казахстанской историографии.

Актуальность исследования определяется и явно недостаточным вниманием отечественных ученых к проблемам историографии. Историография всегда была и остается сложнейшей сферой исторического знания, своего рода самосознанием исторической науки. Эта сфера требует от ученого не только широкой эрудиции и знания исторических и историографических фактов, но и владения многообразным инструментарием историографического анализа, умения работать на